

«Амангелді орта мектебі» КММ-нің
жаратылыстану пәндер бірлестігінің
2022-2023 оқу жылында
жүргізілген жұмыстары жөнінде
хабарлама есебі

Жаратылыстану әдістемелік бірлестігінің құрамындағы мұғалімдердің сапа құрамы төмендегідей:

Барлығы 7 мұғалім, оның ішінде жоғары санатты педагог зерттеуші – 1, педагог модератор – 3, бірінші санатта – 1, екінші санатта – 1, педагог -1

Р/с	Аты-жөні	Білімі	Санаты
1	Әбдірзақ Мейірім	жоғары	Педагог зерттеуші
2	Мединаева Ләззат	жоғары	1
3	Мұқашова Гүлдәурен	жоғары	Педагог -модератор
4	Үмбетова Гүлім	жоғары	модератор
5	Мұқанова Айнұр	жоғары	Педагог-модератор
6	Майлыбаев Аңсаған	жоғары	Педагог-модератор
7	Сиябаева Сәнім	жоғары	Педагог

2022 – 2023 оқу жылында тамыз айында жаратылыстану бірлестігінің 1-отырысы болып өтті. Отырыста өткен оқу жылындағы атқарылған жұмыстар талданып, биылғы оқу жылында атқарылатын жұмыстарға жоспар құрылды. Күнгізбелік – тақырыптық жоспарлары қаралып, жыл бойы өткізілетін жұмыстары талданып, бірлестік жоспары құрылды. Әр пән бойынша 0 дик срездер алуға материалдар дайындау тапсырылды.

Бірлестіктің 2-ші отырысында Әбдірзақ М. «Жаңартылған білім мазмұны бойынша бағалауды ұйымдастырудың тиімді жолдары» тақырыбында баяндамасын оқыды. I-тоқсанның қорытындысы талқыланды. Мектепшілік пәндік олимпиадасын ұйымдастыруды талдап, жаратылыстану пәндер бірлестігінің апталық жоспарлары құрылды. Үйірме жұмыстарының жүргізілуі қаралды. Сонымен қатар аттестациядан өтетін мұғалімдермен жұмыс жоспарын құру қарастырылды. Зерттеуге алынған класқа арналған жоспар құрылды. Мектепшілік олимпиададан жақсы көрсеткіш көрсеткен оқушылар ауданға жіберілді. География пәнінен 9-сынып оқушысы Алтайұлы Ерқанат аудандық I дәрежелі дипломмен марапатталды. Химия пәнінен аудандық олимпиададан 7-сынып оқушысы Таңатова А. I – дәрежелі дипломмен марапатталды. «Зерде» республикалық зерттеу жұмыстарының аудандық кезеңінде «химия» секциясы бойынша қатысып 7-сынып оқушысы Таңатова А. «Мақтау қағазымен» марапатталды. Республикалық «Ақбота» зияткерлік олимпиадасына қатысып 7-сынып оқушысы Таңатова А. III дәрежелі дипломмен марапатталды. Аудандық «Дарынды жас ғалым» атты ғылыми жобалар байқауына қатысып 10-сынып оқушысы Ұланқызы Іңкәр «Мақтау қағазымен» марапатталды. Пән мұғалімі Үмбетова Г. Математика пәні бойынша достық олимпиадасынан 6 сынып оқушысы Нұркенова Е. 3-орынмен марапатталды. Пән мұғалімі Мұханова А. Биология пәнінен «Айқанат» олимпиадасы бойынша 7-сынып оқушысы Сангерей А. 2-орынмен, 8-сынып оқушысы Бітімбаев А. «алғыс хатпен» марапатталды. Информатика пәнінен аудандық «Кешенді» олимпиадасына қатысып 5-сынып оқушысы Мұратов Е. II-дәрежелі дипломмен марапатталды. Пән мұғалімі Майлыбаев А.

Бірлестіктің 3-ші отырысында биология пәні мұғалімі Мұқашова Гүлдәуреннің «Оқытудағы жаңа әдіс-тәсілдер» тақырыбындағы баяндамасы тыңдалды. I-ші жарты жылдық қорытындыланды. Математика, физика, информатика пәндерінің берілуін қадағалау жоспарланды. География, биология, химия пәндерінің оқытылу сапасын жақсарту негізге алынды. Жас мамандар сабақтарына талдау жасау сонымен қатар математика үйірмесінің берілуін қадағалау жоспарға алынды.

Бірлестіктің 4-ші отырысында «Математика пәніне оқушының қызығушылығын арттыру жолдары» тақырыбындағы Сиябаева С. баяндамасы тыңдалды. Сонымен қатар үлгерімі төмен

оқушылармен жүргізілген жұмыстары тыңдалды. Жазба жұмыстарының тексерілу сапасы қаралды. 3-ші отырыста негізге алынған пәндердің берілуін тексеру нәтижесі тыңдалды. 9-11 сыныптар үшін емтихан тапсыратын пәндердің дайындықтарын жүргізу тапсырылды

Бірлестіктің 5-ші отырысында «Химия пәнінен оқушылардың функциональдық сауаттылығын арттыру» тақырыбында Үмбетова Г. баяндама оқыды. Жылдық білім сапасындағы ауытқушылықтар айтылды. Бірлестіктің қорытынды есебі тыңдалды.

Қазан айының 17-і мен 21-і аралығында «Ақыл-ойды тәртіпке келтіретін - математика» атты математика апталығы өтті. Апталықта «Компьютерлік бағдарламаларды оқушылардың тапсырмалар орындау кезінде қолдану тиімділігі» тақырыбында әртүрлі бағдарламалар арқылы практикалық жұмыс өтті. «Кері тригонометриялық функциялар, олардың қасиеттері мен графиктері» тақырыбында 10-сыныпқа ашық сабақ өтті. «Математика білгірі» атты қорытынды кеш болды. Жоспарланған жұмыстардың барлығы толық өтіп, оқушылар марапатталды. Пән мұғалімі: Әбдірзақ М.

Қараша айының 14-18-і аралығында «XXI- ғасыр техника ғасыры» атты информатика апталығы өтті. Апталықта 5-6 сыныптарға арналған «Кім тапқыр» атты сайыс болды. 8-сыныпқа ашық сабақ өтті. Дарынды және үлгерімі төмен оқушылармен жұмыс болды. Апталықта өтілмей қалған іс-шара болмады. Оқушылар марапатталды.

Қараша айының 28-і мен желтоқсан айының 2-сі аралығында «Математика қызықты да сырлы әлем» атты математика апталығы өтті. Апталықта 9-сыныпқа «Ұқсас фигуралар және олардың қасиеттері» тақырыбында ашық сабақ өтті. 7-8 сыныптарға «Квест» ойыны болды. 8-9 сыныптарға «Жас математиктер» сайысы болды. 5-6 сыныптарға «Математика-қызықты әлем» тақырыбында сайыс болды. Апталықта жоспарланған шаралардың барлығы толық өтті. Апталық қорытындысымен оқушылар марапатталды. Пән мұғалімі Сиябаева С.

Желтоқсан айының 5-сі мен 9-ы аралығында «Химия – ғажайып әлем» атты химия апталығы өтті. Апталықта дәлізге оқушыларға тапсырмалар ілініп, «Химия білгірі» атты сайыс болды. Сонымен қатар ашық сабақ өтті. «Жарнама жасау» сайысы өтті. Апталыққа жақсы қатынасқан оқушылар марапатталды. Апталық «жақсы» деп бағаланды.

Қаңтар айының 16-сы мен 20-сы аралығында «Математиканың ғажайыптары» атты математика апталығы өтті. Апталықта 5-6 сыныптарға сайыстар өтті. Ашық сабақ болды. Үлгерімі нашар оқушымен жұмыстар болды. Соңында оқушылар марапатталып апталыққа «жақсы» деген баға берілді.

Ақпан айының 13-і мен 17-сі аралығында «Физика-табиғат туралы ғылым» атты физика пәні апталығы өтті. Апталықта ашық сабақ, сайыстар өтті. Жоспарланған жұмыстардың барлығы уақытылы өтті. Оқушылар марапатталды.

Ақпан айының 20-сы мен 24-і аралығында «География патшалығында» атты география апталығы өтті. Апталықтағы жоспарға алынған сайыстар, ашық сабақ уақытында өтті. Дарынды баламен, үлгерімі төмен оқушымен жұмыстар жүргізілді. Апталық өз деңгейінде өтті.

Сәуір айының 3-і мен 7-сі аралығында «Жаратылыс сыры ғылымда» атты биология апталығы өтті. Апталық құстар күнімен тұспа - тұс келгендіктен құстарды қорғау мақсатында да оқушыларға тапсырмалар беріліп, жақсы қатысқан оқушылар марапатталды. Апталық өз деңгейінде өтті. Барлық шаралар қамтылды.

Апталықтан тыс жоспарланған дарынды және үлгерімі төмен оқушылармен жұмыс түрлері өтті. Ашық сабақтар берілді.

Осы оқу жылындағы бірлестік мүшелерінің алған марапаттарына тоқталатын болсам: *Мединаева Л.* - «Мектеп командалары» бойынша педагогикалық шеберлік орталығының қатысуымен ұйымдастырылған «Бірін-бірі оқыту арқылы оқу мен оқытуды жақсарту» тақырыбында облыстық тәжірибе алмасу семинарында іс-шараларды өткізуге белсенді қатысқаны үшін облыстық алғыс хатпен марапатталды. «Жаратылыстану пәндеріндегі интеграцияланған жобалық жұмыстар: зерттеу және нәтиже» тақырыбындағы өз іс тәжірибесімен бөліскені үшін облыстық алғыс хат. Білім беру саласын дамытуға қосқан зор үлесі үшін облыстық алғыс хат. «Үздік сабақ жоспары» облыстық байқауында I дәрежелі диплом. «Географияның қиын тақырыптарын оқытуда оқытудың белсенді әдістері» тақырыбында өз тәжірибесімен бөліскені үшін алғыс хат. Облыстық педагогикалық олимпиададан II дәрежелі диплом. Аудандық тамыз кеңесінде өз іс тәжірибесімен бөліскені үшін

алғыс хат. «Ерекше қажеттіліктері бар оқушыларды үйден оқытуда пән мұғалімдерінің оқу процесін ұйымдастыруда әр қайсысын құрметтеу және қабылдау арқылы жеке тұлға қалыптастыру» тақырыбында үйден оқыту бойынша сабақ беретін мұғалімдерге арналған аудандық семинар кеңесте алғыс хатпен марапатталды.

Муханова А - «Мектеп командалары» бойынша педагогикалық шеберлік орталығының қатысуымен ұйымдастырылған «Бірін-бірі оқыту арқылы оқу мен оқытуды жақсарту» тақырыбында облыстық тәжірибе алмасу семинарында іс-шараларды өткізуге белсенді қатысқаны үшін облыстық алғыс хатпен марапатталды.

Мұқашова Г – облыстық пәндік олимпиададан II дәрежелі диплом, Аудандық алғыс хат, химия және биология пәні мұғалімдеріне арналған «Сабақ мақсатына жетудегі дескриптордың рөлі» тақырыбында өткізілген аудандық-семинар-практикумда өз іс-тәжірибесімен бөліскені үшін алғыс хатпен марапатталды.

Умбетова Г - химия және биология пәні мұғалімдеріне арналған «Сабақ мақсатына жетудегі дескриптордың рөлі» тақырыбында өткізілген аудандық-семинар-практикумда өз іс-тәжірибесімен бөліскені үшін алғыс хатпен марапатталды. облыстық педагогикалық олимпиададан алғыс хат. Аудандық тамыз кеңесінің панельдік секция жұмысында өз іс – тәжірибесін таратқаны үшін алғыс хатпен марапатталды.

Осы оқу жылында аттестациядан өтуге өтініш білдірген мұғалімдер: Әбдірзақ М, Мединаева Л, Умбетова Г. Аттестациядан өткен мұғалімдер: Умбетова Г . бұрынғы II санаттан модератор санатына өтті. Жоспарланған жұмыстардың барлығы өткізілді.

Бірлестік жетекшісі: Умбетова Г.А.